

Өндірістік шығындар

Өндіріс шығындары – бұл қолданылатын ресурстардың балама пайдаланылуынан бас тартумен байланысты шығындар.

Өндіруші ресурстарды сырттан тартуы да мүмкін, яғни нарықтан сатып алуы мүмкін. Бұл жағдайда шығындар ресурстарды жеткізушілерге ақшалай төлем түрінде көрініс табады. Бірақ өндіруші өз ресурстарын да пайдалануы мүмкін. Міне, осы жағдайда өндіріс шығыны өз меншігіндегі ресурсты балама қолданудан алынуы мүмкін, бірақ алынбаған пайда түрінде көрініс табады. Мұндай шығындар бухгалтерлік баланста көрініс таппайды, бұл өндіріс шығындарының нақты деңгейінің төменірек көрсетілуіне әкеліп соқтырады. Мысалы, несие бойынша пайыздар шығынға жатады, ал өндірісті қаржыландыруға жұмсалған жай акциялар бойынша дивиденттер шығынға кірмейді. Сондықтан да өндірістік шығындар бухгалтерлік және экономикалық болып екі топқа бөлінеді.

Бухгалтерлік шығындар – бұл өндіріске тартылған ресурстар иегерлеріне ақшалай нысанда төленген нақты төлемдер.

Экономикалық шығындар – бұл өндіріске тартылған барлық ресурстардың жалпы құны. Оларға мыналар жатады:

айқын (сыртқы) шығындар – бұл өндіріске сырттан тартылған ресурстар үшін ақшалай төлемдер, яғни бухгалтерлік шығындар;

айқынсыз (ішкі) шығындар – бұл қолда бар ресурстарды балама пайдаланғанда алынуы мүмкін ақшалай табыстар, яғни өндірушінің өз меншігіндегі сатып алынбаған ресурстар шығыны;

Жиынтық (жалпы) шығындар (ТС - *total costs*)

- бұл өнімнің берілген көлемін өндіруге кеткен шығындардың жиынтық мөлшері. Екі факторлы модельде оны былай бейнелеуге болады:

$$TC = P_K \times K + P_L \times L$$

мұндағы K және L – факторлар саны;


P_K және P_L – факторлар бағасы.

Тұрақты шығындар (FC - fixed costs) - өндіріс көлемі өзгергенімен өзгеріссіз қалатын шығындар.

Айнымалы шығындар (VC - variable costs) – шамасы өндіріс көлеміне тәуелді өзгеріп отыратын шығындар. Берілген өнді

$$TC = FC + VC.$$

5.1-сурет. Жалпы, тұрақты және айнымалы өндірістік шығындар қисығы



- *Орташа шығындар (ATC) өндірілген өнімнің бір бірлігіне кеткен жалпы шығындар мөлшері.*

$$ATC = \frac{TC}{Q} = \frac{FC + VC}{Q} = \frac{P_K \times K + P_L \times L}{Q}.$$

Орташа тұрақты шығындар (AFC) – өнімнің бір бірлігіне кеткен тұрақты шығындар мөлшері (. Өндіріс көлемі өскен сайын орташа тұрақты шығындар азайып отырады.

Орташа айнымалы шығындар (AVC) – өнімнің бір бірлігіне кеткен айнымалы шығындар мөлшері . Орташа айнымалы шығындар деңгейінің динамикасы кемімелі қайтым заңына сәйкес болады. Сондықтан да теңдігі әрдайым өндіріс көлемі өсуіне қарай орташа жалпы шығындар міндетті түрде төмендейді дегенді білдірмейді, себебі орташа тұрақты шығындардың төмендеуі орташа айнымалы шығындардың өсуімен жабылып отыруы мүмкін.

- **Орташа тұрақты шығындар (AFC)** – өнімнің бір бірлігіне кеткен тұрақты шығындар мөлшері (. Өндіріс көлемі өскен сайын орташа тұрақты шығындар азайып отырады. $AFC = FC : Q$)

- **Орташа айнымалы шығындар (AVC)** – өнімнің бір бірлігіне кеткен $(AVC = VC : Q)$ мөлшері .


- Орташа айнымалы шығындар деңгейінің динамикасы кемімелі қа $ATC = AFC + AVC$ ы. Сондықтан да

- теңдігі әрдайым өндіріс көлемі өсуіне қарай орташа жалпы шығындар міндетті түрде төмендейді дегенді білдірмейді, себебі орташа тұрақты шығындардың төмендеуі орташа айнымалы шығындардың өсуімен жабылып отыруы мүмкін.

- **Шекті шығындар (MC - *marginal costs*)** – өндірілетін өнім көлемін бір бірлікке арттырғандағы жалпы шығындардың артуын бейнелейтін шығындар. Демек шекті шығындар өнімнің қосымша данасын шығаруға кететін қосымша шығындарды көрсетеді. Өндіріс көлемін өзгерту (кеңейту немесе қысқарту) туралы шешім қабылдағанда осы шекті өнім көрсеткіштері назарға алынады.

$$(MC = \Delta TC : \Delta Q).$$

Шығындарды жіктеу мақсаттары:



өзіндік құнның құрылымы анықтау үшін

жекелеген өнім бірлігі немесе өндірістік операцияның өзіндік құнын есептеу үшін

жекелеген цехтар немесе өндірістік участоктар бойынша шығындарды анықтау үшін

- **Өнімнің өзіндік құны** – бұл тауар өндіру, жұмысты орындау және қызмет көрсетумен байланысты өндірістік және коммерциялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті шығындардың ақшалай көрінісі.
- **Өнімнің өзіндік құны** – тұтынылған өндіріс құралдары мен еңбекақыға жұмсалған шығындарды сипаттайтын экономикалық көрсеткіш.
- **Өнімнің өзіндік құны** - өнімді өндіруге жұмсалған табиғи, еңбек, ақша ресурстарының ағымдық шығындарының құндық тұрғыда бағалануы. Өзіндік құнға:
 - кәсіпкерлік қызметпен байланысты;
 - кәсіпорынның өзінің ғана қызметіне қатысты;
 - нақты өнім түрін өндіруге және өткізуге қатысты;
 - құжаттармен негізделген;
 - заңдық деңгейде бекітілген шығындар кіреді.

Өзіндік құн

өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құны
өнім (жұмыс, қызмет) өндірісі
барасында қолданылатын табиғи
ресурстар, шикізат, отын,
материалдар, негізгі қорлар, еңбек
ресурстары мен өнімді өндіру мен
өткізуге байланысты басқа да ағымдық
шығындардың құндық бағалануы
болып табылады.

Өзіндік құнды келесі түрлерге бөлуге болады:

жедел қалыптасуына байланысты (нақты, жоспарлы);

шығындардың қамтылу толықтығына қарай (цехтық, өндірістік (жалпы зауыттық), жалпы);

өнім көлемінің есептелуіне қарай (өнім бірлігінің, өндірістің жалпы көлемінің)

өнімнің дайындық дәрежесіне қарай (жиынтық өнімнің, тауарлық өнімнің, өткізілген өнімнің).

Калькуляциялық баптардың типтік тізбесі келесі түрде болады:

- 1. Шикізат пен материалдар .
- 2. Қайтымды қалдықтар (алып тасталады) .
- 3. Сатып алынатын бұйымдар, жартылай фабрикаттар және басқа ұйымдардың өндірістік сипаттағы қызметтері
- 4. Технологиялық мақсатта қолданылатын отын және энергия
- 5. Өндірістік жұмыскерлердің еңбекақысы (негізгі және қосымша)
- 6. Әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар
- 7. Өндірісті дайындау мен игеру шығындары

8. Жалпы өндірістік шығындар

- машиналар мен құрал-жабдықтарды эксплуатациялау және күту шығындары
- негізгі құралдар мен өндірісте қолданылатын басқа да мүлікті жөндеу шығындары мен амортизациялық аударымдар
- өндірісте қолданылатын үй-жайлар, машиналар, құрал-жабдықтардың жал төлемі
- өндірісте қолданылатын мүлікті сақтандыру шығындары
- үй-жайларды жылыту, жарықтандыру және күту шығындары
- өндірісте қызмет ететін жұмыскерлердің еңбекақымы және басқа да балама шығындар

Жалпы цехтық өзіндік құн (Σ п. 1 - п. 8).

9. Жалпы шаруашылық шығындар

- әкімшілік-басқару шығындары
- өндірістік процеске қатыспайтын жалпы шаруашылық персоналдың жалақысы
- басқару және жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдары жөндеу шығындары мен амортизациялық аударымдар
- жалпы шаруашылық мақсаттағы үй-жайлардың жал төлемі
- ақпараттық, аудиттік және кеңес беру қызметтерін төлеу және басқа балама шығындар
- **10. Ақау шығындары**
- **11. Басқа да өндірістік шығындар:**
 - - өнім кепілдік қызмет көрсету және жөндеу шығындары
 - - ҒЗЖ мен тәжірибелік жұмыстар шығындары

Өндірістік өзіндік құн (Σ п. 1 - п. 11).

12. Коммерциялық шығындар

- - өнімнің ыдысы мен орамына кеткен шығындар
- - өнімді жеткізу шығындары
- - өнімді өткізумен байланысты басқа да шығындар

Толық өзіндік құн (Σ п. 1 - п. 12).

Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерінің негізгі көздері:

- 1) кәсіпорынның өндірістік қуатын анағұрлым толығырақ қолдану есебінен өнім өндірісі көлемін арттыру;
- 2) еңбек өнімділігін арттыру, шикізат, материалдар, электр энергиясы мен отынды үнемдеп жұмсау, өндірістік емес шығындарды қысқарту, өндірістік ақауларды азайту және т.б. есебінен өндірістік шығындарды қысқарту.

Өнім өндірісін арттыру резервтері өндірістік бағдарламаның орындалуын талдау барысында анықталады. Өнім өндірісінің көлемі артқан кезде тек айнымалы шығындар (жұмысшылардың жалақысы, тікелей материалдық шығындар және т. б.) ғана өседі, ал тұрақты шығындар әдетте өзгеріссіз қалады, соның нәтижесінде өнімнің өзіндік құны төмендейді.

Шығындарды қысқарту резерві шығындардың әрбір бабы бойынша еңбекақы, шикізат, материалдар, энергия және т.б. үнемдеуге мүмкіндік беретін нақты ұйымдастыру-техникалық шаралар есебінен бекітіледі.

- **Табыс** – бұл фирманың өнімнің белгілі бір көлемін сатудан түскен жалпы түсімі. Жалпы түсім нарықтағы тауардың бағасына және өткізілетін өнімнің көлеміне тәуелді болып табылады. Алайда, фирманың табыстарын пайдамен шатастыруға болмайды.

Жалпы табыс – тауардың бағасы мен өнім көлемінің көбейтіндісі.

$$TR = P \times Q.$$

Мұнда, TR (total revenue) – жалпы табыс;

P (price) – тауардың бағасы;

Q (quant) – өнім көлемі.

Орташа табыс – өнімнің бір бірлігін сатудан түскен түсім және ол жалпы табыстың өнім көлеміне қатынасы ретінде анықталады:

$$AR = TR / Q.$$

Мұнда, AR (average revenue) – орташа табыс.

Шекті табыс – өнімнің келесі бірбірлігін сатудан түскен қосымша түсім және ол жалпы табыс өзгерісінің өнім көлемінің өзгерісіне қатынасы ретінде анықталады:

$$MR = \Delta TR / \Delta Q.$$

Мұнда, MR (marginal revenue) – шекті табыс.

Пайданың атқаратын қызметтері

1. **Бөліп-тарату қызметі**–орындауға арналған бағдарламалар мен стратегияларды қаржыландыру мақсатында ақшалай қаражат қорларын құру, капиталдың оңтайлы құрылымын жасау және банкротқа ұшырау қаупін мейлінше төмендету.

2. **Ынталандыру қызметі** – өндіріс шығындарын барынша төмендету, жаңалықтар мен инновацияларды енгізу, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін өндірісте пайдалану.

- Пайда дегеніміз—бұл тауардың нарықтық сату бағасы мен оны өндіруге жұмсалған шығындардың айырмасы.

Пайданың факторлары:

- құру факторлары
- бөлу факторлары
- өзара әрекеттесу факторлары
- пайдалану факторлары

Құру факторлары:

- 1) өнімдерді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен түсім;
- 2) материалдық және материалдық емес қорларды сатудан түскен түсім;
- 3) негізгі құралдарды сатудан түскен түсім;
- 4) басқа әрекеттерге қатысудан келген табыстар;
- 5) құнды қағаздардан келген табыстар;
- 6) айыппұлдар мен өсімпұлдар.

Бөлу факторлары:

- 1) пайданың бюджетке және бюджеттен тыс қорларға бағытталуы;
- 2) пайданың кәсіпорында қалуы;
- 3) пайданың қарыздарды өтеу және пайыздарды төлеу үшін банкке бағытталуы;
- 4) пайданы бөлудің басқа да факторлары.

Өзара әрекет ету факторлары:

- 1) бағалар, тарифтер, алымдар;
- 2) салықтар және салық мөлшерлемелері;
- 3) несиелік пайыз мөлшерлемелері;
- 4) айналым құралдарының айналымы;
- 5) өнімнің өзіндік құны;
- 6) еңбекөнімділігі;
- 7) қор қайтарымдылығы;
- 8) қормен қарулану.

Пайдалану факторлары:

1) жинақтау және қорлану
(өндірісті және ғылымды дамыту);

2) әлеуметтік мұқтаждықтар;

3) күрделі қаржы салымдары;

4) тұтыну (дивиденд, материалдық көмек, т.б.);

5) басқа да шығындарды өтеу.

Бухгалтерлік пайда жиынтық түсімнен бухгалтерлік шығындарды шегергенге тең.

Экономикалық пайда – жиынтық түсім мен экономикалық шығындар айырмасы. Ол бухгалтерлік пайдадан айқынсыз шығындар мен қалыпты пайда шамасына аз болады.

Фирманың пайдасын мейлінше арттырудың негізгі екі ережесі бар:

- **Бірінші ереже:** фирма жалпы табыс пен жалпы шығындарды салыстырады. Егер сатудан түскен түсім мен жалпы шығындар арасындағы айырмашылық көп болса, онда фирманың пайдасы мейлінше артады.
- **Екінші ереже:** фирма шекті табыс пен шекті шығындарды салыстырады. Бұл жерде үш жағдай қалыптасады:
 - егер фирманың шекті шығындары шекті табыстан артып кетсе, онда ол өнім өндіруді қысқартады;
 - егер фирманың шекті шығындары шекті табыстан кіші болса, онда ол өнім өндіруді арттырады;
 - егер фирманың шекті шығындары шекті табысқа тең болса, онда ол өнім өндірудің оңтайлы көлемін анықтап, жалпы пайдасын максималды деңгейге жеткізеді:
 $MR = MC$.

Бұл теңдік фирманың пайдасын мейлінше арттырудың маңызды шарты болып табылады.